

Ей, тасжүрек адамдар-ай! Кандайсындар? Аспандагы күніренген кара бұлт сынды- жер бетіндегі жандарға мейірім емес, қаһар тоғесіндер. Алланын жаратқан- бейнесіне «біз ерекше жандармыз» деген жалған атты жалғап аласындар. Мен бұл жерде бүгінгі байлар мен тоғышарлар туралы айтып отырмын. Бай болғанда, жүрегі таза, иман жүзді, көмекке зәру жандарға қол үшін беретін байларды емес, рухани жұтандаған, жүректері тастай қатты, қонілдері мұздай суық, әке-шешенін тапқа-ның өз пайдасына шашып, өз білгенін істеп жүргендер жайлы жазбақпын.

«Біреу тонып секіреді, біреу тойып секіреді» демек-ші, создерінде еш пәтуа жоқ, барған жерлері – жын ойнақ мекені болған клуб пен барлар, ойнағандары – бильярд- пен құмар ойындары, ішкендері – арақ пен шарап, шеккендері – кальян. Міне, бүгінгі күннің ашық бейнесі, қатқыл шындығы. Жүрек ауыртар түстары көп өттен. Жүрек ауырғанда тұйылса қанеки, ол еш тоқтамас орескел дүние екені ақиқат. Қылмыс жасап, аяғын шалыс басып жатса да, оларда- қорқыныш жоқ, неге? Себебі олар – байлар. Нендей тұйткіл болса да, оны шешер жолдары жетерлік. Оның үстіне қазір паракорлар заманы болды ғой...

Ақша... Бәрі осы ақша дегеннен шығады емес пе? Ақша үшін тер тоғіп, еңбек ететіндер де бар, ал кейбіреуі қолдын кірі саналатын ақша үшін жеңіл жолға түсіп те жатқанын бай-қаймыз. Дүние-мүлкін қобейген сайын, қонілін кемелденбей, керісінше ашқоздік деген алабұртқан сезімге ерік бере қоя-сыз. Озін тойғанмен, қозін тоймайды. Небір билік басындағы ағасымақтарымыз балаларын шетелде оқытып, қымбат қолік-тер әперіп, тіпті зәулім үйлер салдырады. Әрине қолында барды бағалаған жөн. Бірақ сол бір жеңіл табысқа күнықпай, өз өмірінді таза жолда қалыптастырсаң, ол үлкен бір адамдық болар еді. Қадыр Мырза Әлі атамыз: «Әкім де болма, атшабар да болма, патша да болма, пәтшағар- да болма, Адам бол!», - деген. Иә, адам бол, арынды сақта, досынды сатпа, қызынды шетел асырмай, ұрпақ үлағатын ақта.

Пайғамбарымыз: «Сондай бір заман келеді, адамдардың бәкіл қайғысы асқазаны болады, абыройы - дүниесі, күбыласы - әйел, діні - ақша болады», - деген. Бүгінгі күннің бет-бейнесін қоріп, ішін ашиды. «Естімеген елде көп» дегендей қазақ дейтін, намысты, ұят пен арды сақтап, иман мен ибаны үлгі еткен- жастарымыз қазір некен-саяқ. Ұлтын үлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет қорсеткен, қазақтың салт-дәстүрін сақтап, ешкімнің бетіне қарсы келмей өскен біздің қазақ арулары қайда? Қазір олар Төлеген сүй-ген Қыз Жібектей ару қыз емес, аруу қыздар болғаны белгілі. Олай дейтінім, мына ақша құр-ғыр адамға не істетпейді? «Періш-те алтын қорсе, жолдан таяр» демек-ші жеңіл жолмен байлыққа өз-өзін жетелеу – ол тозақ отына асыққан- адам бейнесі. Қазіргі қоғамда орыс болсын, тәжік болсын, тіпті үнді, қытай, түрік пен арабка кетіп жатыр біздің сәлуларымыз. Неге? Олар сол елдің азамат-тарымен бақытты. Олар еркін, олар тәуел-сіз

болгысы келеді. Ал сол озге елге бар-ганнан кейін сол байгвстар бакыт деп аталатын дүниені тапты ма екен? Түркімендер біреуге атын сыйлаган кезде ұрғашысын күландамайтындай қылып, ал еркегін одан ұрық алмайтындай етіп береді екен. Осыдан-ақ түркімендердің нағыз текті халық екенін көресіз. Текті халық дегеннен шығады-, казак та текті емес пе еді? Жеті атадан қыз алыспайтын...

Жүре берсен, көре бересін деген рас екен-ау! Акша үшін шешінген адам көріп пе едіңіз? Иә, корген боларсыз, бірақ казак дейтін ұлагатты ұлы даланың қыздары солай- жасайды дегенге сену үшін ұйықтасам түсіме кірмеген дүние еді. Арам акшаға бола бар сұлұлығынан, ар-ібасынан айырылу деген нендей маскара?! Бұрын қызға қырық үйден тыйым деуші еді ғой. Әдемі қомзолы мен сұлдыраған шолпысы қандай десеніз-ші! Казакта қыстың қыстай болғаны, қыз-дың қыздай болғаны жақсы деген бар. Қазіргі қоғам ашықтан-ашық, не болса соны жасайтын болған. Тіпті, Батыс елдері-не көп еліктеп кеткендері тағы бар. М.Шаханов атамыз: «Батыстың цивилизациясын аламын деп, канали-зациясына түсіп кетпен-дер», - дейді бір сөзінде. Расында да жақсылық іздеп біреуге еліктеу жақсы дүние шығар, бірақ ертенгі күні опық жейтін дүние болмасына кім көпіл?! Қарап отырсақ, біздің қоғамда қысқа киініп, ойын-сауыққа баратын қыздармен күресудің орнына, әуретін жауып, ұзын көйлекті серік еткен қарақоздерге тыйым салу жиілеп бара жатқан сынды. Казак олай киінбеген, казак қыздары ешқашан- оранып жүрмеген дейтін де болар-, бірақ арын сатып-, қолдағы барынан айырыл-ған абыройсыз қыздардан олар мың есе артық дер ем. Жанылмайтын жақ, сүрінбейтін түяк болмайтыны тәрізді әрбір адам қателеседі. Ал сол қателікті түсініп, түйсіну, міне, нағыз-з жеңіс осында!

Бұл дүние керемет болса, туылғанда жыламас едік... Омір сүргенде тап-таза болсақ, олгенде жуылмас едік... Омірдің барша күндылығын, мейлі сен бай бол, мейлі сен кедей бол, акшаға сатып ала алмайсың. Бакытты омір байларда емес. Қалайша дейтін шығарсыздар. Байларда бәрі бар, бірақ бакыт деп аталатын адамзаттың акшаға сатып ала алмайтын дүниесі- жоқ. Қолдарында барлығы бар, не киемін, не ішемін демейді. Сол себепті омірдің қиыншылығын қормейді. Ал омір қиын-шылығы мен қуанышы қатар жүруі арқылы- ғана қызықты. Бір философтан: «Бакытты адам деген қайсы?», - деп сұрапты. Сонда ол: «Бакытты адамдардың арасында омір сүріп жатқан адам бакытты», - деген екен. Ал біздің бакытымыз – жұмағымыз, жәнатымыз – ата-анамыз. Сол ата-ананың жанында омір сүріп жатқан біз – нағыз бай, нағыз бакытты жандармыз. Бұл дүние бізге бір-ақ рет беріледі. Адамды бай қылатын- – дүние-мүлкі мен акшасы емес, кіршіксіз аппақ пейілі мен адал қонілі. Соны ұмытпайық, ағайын!

Гүлдана **АСАНЖАНОВА**,

□ 21 орта мектебiнiн □ 11-сынып окушысы,

Арал ауданы